

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 586 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 ж. 23 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) аудандық (қалалық) бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген штат санының жалпы лимитін аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдікке жеткізеді;"

2-бап. Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті